

«Көктем – сыйлықтар уақыты»
Акциясының ережелері
(әрі қарай – Ережелер).

1. Акцияның атауы (әрі қарай – Акция)	«Көктем – сыйлықтар уақыты!»	
2. Акция Ұйымдастырушысы туралы ақпарат	Атауы заңды мекенжайы НМТН	«Аман Дана» ЖК Ұйымдастырушы: «Аман Дана» ЖК (Ақтау, Ақтау, 28 ш/а, 70/1-ғим., ЖСН: 920 330 302 151)
	Акцияның электрондық адресі	support@pgbonus.kz
Акцияға Тапсырыс беруші туралы ақпарат	«Проктер энд Гэмбл Қазақстан Дистрибьюшн» ЖШС, (БСН: 160640000220, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауд., Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 240-Г)	
Акцияның №1 Техникалық серіктесі туралы ақпарат	«Брендлинк» ЖШҚ (125504, Мәскеу қ., Западное Дегунино ішкі аум.к. Муниципалдық округі , Дмитровское ш., 71Б-үй, 7/7-орынж., СТСН 7725499781)	
Акцияның №2 Техникалық серіктесі туралы ақпарат	«ВИМ Диджитал» ЖШС (010016, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Есіл ауданы, Түркістан көшесі 8/2, БСН 220540022102)	
3. Акцияның өткізілу мерзімі.	<p>3.1. Акцияның жалпы өткізілу мерзімі: жүлделерді беру мерзімін қоса алғанда, 15.03.2024 – 15.08.2024.</p> <p>3.2. Зат сатып алу және чектерді сканерлеу мерзімі: соңғы күнді қоса, 15.03.2024 – 30.05.2024.</p> <p>3.3. Акцияға қатысуға Өтінімдерді қабылдау мерзімі (https://pgbonus.kz/promos/amandana сайтында чектерді тіркеу) соңғы күнді қоса, 15.03.2024 ж. (Алматы уақыты бойынша сағат 00:00) – 14.06.2024 ж (Алматы уақыты бойынша сағат 23:59).</p> <p>3.4. Акция жеңімпаздарын анықтау мерзімі: 31.07.2024</p> <p>3.5. Жүлделерді беру мерзімі: 15.08.2024</p>	
4. Акцияның өткізілу аумағы.	4.1. Акция Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қ. аумағында өткізіледі	

<p>5. Тауар мен өткізілетін Акция арасында байланыс орнатуға мүмкіндік беретін Тауар Белгілерінің сипаттамасы:</p>	<p>5.1. Акцияға қатысатын Тауарлар Procter & Gamble-ге тиесілі брендтермен өндірілетін өнімдер болып табылады: ARIEL, TIDE, МИФ, FAIRY, MR. PROPER, PAMPERS, DISCREET, NATURELLA, ALWAYS, TAMPAX, BLEND-A-MED, ORAL-B, OLD SPICE, SAFEGUARD, GILLETTE, VENUS, SATIN CARE, HEAD&SHOULDERS, PANTENE, PRO SERIES, HERBAL ESSENCES, AUSSIE.</p> <p>5.1-т. көрсетілген белгілері бар Тауарлардың сатып алынғанының растамасы 3.2-т. көрсетілген мерзімде сатып алынған зат үшін сауда нүктесінде алынған кассалық чек болып табылады. Чектерді сатып алған сәттен бастап (сатып алған күні мен уақыты чекте көрсетілген), 96 (тоқсан алты) сағат ішінде, бірақ 31.05.2024 ж. кешіктірмей тіркеуге болады.</p>
<p>6. Акция қатысушыларына Ережелер туралы хабарлаудың тәртібі мен тәсілі.</p>	<p>6.1. Акция Қатысушыларына хабарлау Акцияның бүкіл өткізілу мерзімінде Интернет ғаламдық желісіндегі https://pgbonus.kz/promos/amandan сайтында ережелерді орналастыру арқылы жүзеге асырылады;</p> <p>6.2. Акция нәтижелері https://pgbonus.kz/promos/amandana сайтында орналастырылады</p>
<p>7. Акцияның жүлде қоры.</p>	<p>7.1. Акцияның жүлде қоры Акция Тапсырыс берушісінің қаражаты есебінен қалыптасады және келесіні қамтиды:</p> <p>7.1.1 Құны 560 000,00 (бес жүз алпыс мың) теңге тұратын Apple iPhone 15 Pro 8/128GB смартфонсы – 3 жүлде.</p> <p>Бір қатысушы Акцияның бүкіл өткізілу кезеңінде бір ғана жүлде ала алады.</p> <p>Жұлделерді Акция Ұйымдастырушысы таратып береді.</p> <p>7.2. Жұлденің құрамын Ұйымдастырушы Тапсырыс берушінің келісімі бойынша біржақты тәртіппен өзгерте алады. Функциялық арналымы бойынша ұқсас тауарларға ауыстыруға болады.</p> <p>7.3. Ұйымдастырушының Жұлделер сапасына қатысты міндеттемелері оларды өндірушілер (жеткізушілер, орындаушылар) берген кепілдіктермен шектеледі. Жұлделер сапасына қатысты наразылықтар осы Жұлделер өндірушілеріне (жеткізушілерге, орындаушыларға) тікелей қойылуы тиіс. Жұлделердің тұтастығы мен функциялық жарамдылығын Қатысушылар Жұлделерді тура алған кезде тексеруі тиіс.</p> <p>7.4. Түпнұсқа Жұлделердің өндірушісі, жинақтамасы және сыртқы түрі жарнамалық материалдардағы суреттерінен өзгеше болуы мүмкін.</p> <p>7.5. Белгіленген Жұлделер айырбасталмайды және оларды ақшалай баламаға алмастырмайды.</p> <p>*Акция Ұйымдастырушысы ҚР Заңнамасы бойынша салық агенті бола отырып, жеке табыс салығының (ЖТС) сомасын тиісті бюджетке аударуға міндетті.</p> <p>Жеңімпаз Акция Ұйымдастырушысының қатысуынсыз жүлдені өз бетінше қолданады.</p>

8. Акция шарттары.

Акция Қатысушысы болу үшін келесі әрекеттерді орындау қажет:

8.1. 3.2-т. көрсетілген кезеңде ҚР аумағында «Дана» дүкендерінде немесе «Дана» онлайн-супермаркетінде 5.1-т. аталған Procter & Gamble-ге тиесілі брендтермен өндірілетін өнімнің 2 (екі) бірлігін сатып алу және кассалық чекті (бұрын және әрі қарай –«Чек») сақтау қажет. Бұл ретте Procter & Gamble-ге тиесілі брендтермен өндірілетін өнімдерді қамтитын чектерді Қатысушы жүлдені алған сәтке дейін сақтауы тиіс, ал акциялық тауарлары жоқ чектерді сақтаудың қажеті жоқ;

8.2. Акция кезеңінде жүктелетін чектердің максималды саны – шексіз. Бір чекпен екіден артық тауар сатып алғанда, бұл чек ұтыс ойынына қатысуға бір өтінім ретінде қаралады.

8.3. Чектегі QR кодты сканерлеу, барлық қажетті жолдарды (аты-жөні, электрондық пошта адресі, телефон) толтыру арқылы осындай чекті <https://pgbonus.kz/promos/amandana> сайтында тіркеп, төмендегіні растайтын белгіні қойыңыз:

- Акцияға қатысуға келісу;
- Сайтты пайдалану шарттарымен және ережелерімен, сондай-ақ «Проктер энд Гэмбл Қазақстан Дистрибьюшн» ЖШС қабылдаған Құпиялылық саясатымен келісу;
- кәмелетке толу және ҚР азаматтығының болу фактісі.

8.4 Акцияға 15.03.2024 ж. Алматы уақыты бойынша сағат 00:00 бастап, 31.05.2024 ж. Алматы уақыты бойынша сағат 23:59 дейін сатыпалым жасалғанын растайтын чек(тер) қабылданады. Чекті жүктеу Акцияға қатысуға өтінім беру деп танылады.

Чекті жүктеу үшін сатып алынған Өнімнің атауы және/немесе Өнімді біржақты анықтауға мүмкіндік беретін сипаттамалары анық оқылатындай Кассалық чекті және келесі деректерді: сатып алу күні, уақыты мен сомасы, сатып алынған Тауардың атауы мен саны, МКК БКМ кодын (чектің бірегей нөмірі) суретке түсіру қажет.

8.5. Чектің суреті келесі талаптарға сәйкес келуі тиіс:

- чектің суреті бар файл 10 Мб аспайтын өлшемде және PNG, JPEG, JPG, GIF, BMP рұқсатты форматтарда болуы керек;
- чектің суреті нақты әрі оқылатындай болуы керек;
- чектің суреті қатаң түрде тік болуы керек;
- чек суреттің бүкіл жерін қамтуы керек;
- чектің суретінде бөтен заттар, көлеңке болмауы керек;
- суретте чек мыжылмаған, жыртылмаған болуы керек;
- суретте бір чектен артық болмауы керек.

Кейінгі (екінші және одан кейінгі) чектерді тіркеу үшін Сайтта жеке деректерді қайта енгізудің қажеті жоқ.

Чекті жүктеу Қатысушының <https://consumer.oofd.kz/> ақпараттық сервисін пайдалануға өтініш бергенін және есептеу туралы ақпараттың Ұйымдастырушыға/Тапсырыс берушіге және олар тартатын үшінші тұлғаларға қолжетімді болатынына келісетінін білдіреді, осы жайындағы факт тексерілуі мүмкін.

Ұйымдастырушы/Тапсырыс беруші, егер сурет оқылмайтын (атап айтқанда, ішінара зақымдалған, анық емес немесе жасанды) деп танылса, Қатысушыға жіберілген чекті кез келген уақытта есептемеуге құқылы.

Жіберілген чектер чектерді жүктеу мерзімі аяқталған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күніне дейінгі мерзімде Акция шарттарына сәйкестігін (модерациядан) тексеруден өтеді.

Бірінші чекті тіркеу Қатысушы өз деректерін (тегі, аты, телефоны, E-mail) сайттағы жеке кабинетте көрсеткен сәттен бастап қана аяқталды деп есептеледі.

8.6. Бір чек Акцияның бүкіл өткізілу мерзімінде бір рет қана өтінім ретінде қаралады.

	<p>8.7. Қатысушы акцияға қатысатын кез келген екі тауарды сатып алып, кассалық чекті (8.2 – 8.5-тармақтарда көрсетілген шарттарды орындау арқылы) тіркеуі керек.</p> <p>8.8. Қатысушы осы Ережелердің 16.1-т. көрсетілген белгілерге сәйкес келуі тиіс.</p>
<p>9. Қатысушының құқықтары.</p>	<p>9.1. Акция Ережелерімен танысу.</p> <p>9.2. Осы Ережелерде анықталған тәртіпте Акцияға қатысу, Ережелердегі өзгертулер туралы ақпарат алу.</p> <p>9.3. Акция Ұйымдастырушысынан Акция Ережелеріне сәйкес Акция туралы ақпарат алуды талап ету.</p> <p>9.4. 3-т. сәйкес мерзімде 8-т. сәйкес ұтқан Жұлденің берілуін талап ету.</p>
<p>10. Акцияның әлеуетті жеңімпаздарын анықтау ережелері</p>	<p>10.1. Жұлдені алуға құқығы бар Акцияның әлеуетті жеңімпаздарын анықтау келесі түрде жүзеге асады:</p> <p>10.1.1. 3.3-т. көрсетілген мерзімдерде Өтінімдер Базасы (Excel форматындағы кестелік файл) жасалады, онда Акцияның дұрыс Өтінімдеріне берілген реттік нөмірлер (8-т. шарттарына сәйкес) бар, әрі қарай – База</p> <p>10.1.2. Әрі қарай қатысушының реттік нөмірі, оның аты-жөні және *****7227 форматтағы телефон нөмірінің соңғы 4 (төрт) саны көрсетілген база деректері акция қатысушыларын таныстыру үшін ұйымдастырушының интернет-ресурстарында 31.07.2024 кешіктірмей көрсетіледі.</p> <p>Алынған база негізінде әрбір қатысушыға реттік нөмір бекітіледі. Жұлденің ұтыс ойыны ұйымдастырушының интернет-ресурстарында онлайн-трансляцияда өтеді: реттік нөмірлерге сәйкес өтінімдердің әрқайсысына жетон сәйкес келеді. Ұйымдастырушының өкілі кездейсоқ түрде жетондар алдын ала араластырылатын лототроннан 3 жетонды таңдап алады. Әрі қарай, Акция ұйымдастырушысы №2 Техникалық серіктестен акция жеңімпаздарының байланыс деректерін сұратады және жұлдені беру бойынша одан әрі өзара әрекет ету үшін олармен интернет желісі және/немесе телефон байланысы арқылы байланысады.</p> <p>Жеңімпаздар тізімі https://pqbonus.kz/promos/amandana сайтында және акция ұйымдастырушысының интернет-ресурстарында орналастырылады.</p> <p>10.1.3. Әлеуетті жеңімпаз Жұлдеден бас тартқан немесе әлеуетті жеңімпаз осы Ережелердің 17.2-т. көрсетілген мерзімдерде жұлдені алу үшін қажетті ақпаратты ұсынбаған жағдайда, ұтыс ойыны 15.08.2024 кешіктірмей 10.1.2-т. көрсетілгендей қайта өткізіледі).</p> <p>10.2. Ұйымдастырушы әлеуетті жеңімпазды Өтінім беру кезінде көрсетілген электрондық адрес/телефон нөмірі бойынша 17.1-т. тәртібімен Акциядағы ұтысы туралы хабардар етеді.</p> <p>10.3. Ұйымдастырушы Ұйымдастырушыда сақталатын Акция жеңімпаздарын анықтау Хаттамасын жасап, оған қол қояды. Акция жеңімпаздарын анықтау Хаттамасына қол қоюшылардың тізімі Ұйымдастырушы қызметкерлерінің арасынан анықталады.</p>

<p>11. Жеңімпаз-Қатысушының міндеттері.</p>	<p>Акция Қатысушысы/Жеңімпаз:</p> <p>11.1 Акцияға қатысуға және Жұлделерді алуға байланысты барлық әрекеттерді Акция Ережелерімен белгіленген мерзімде орындауға міндетті.</p> <p>11.2 өзінің өзекті және нақты деректерін көрсетуге міндетті.</p> <p>11.3. Жұлде жеңімпазы Жұлдені ұтқаны туралы Акция Ұйымдастырушысынан электрондық хат немесе қоңырау алған сәттен бастап 7 жұмыс күнінен кешіктірмей Жұлдені тапсыру және салық инспекциясына мәліметтер беру мақсатында Ұйымдастырушыға Акцияның электрондық адресіне келесі ақпаратты жіберуге міндетті:</p> <ul style="list-style-type: none">• Аты-жөні;• Қазақстан азаматының жеке куәлігінің көшірмесі/сканы• Пошта немесе курьерлік жөнелту арқылы жұлдені Қабылдау-тапсыру актісінің мекенжайы мен жеткізу уақыты. <p>11.4. Жеңімпаз Ұйымдастырушы талап еткен сәттен бастап 2 күн ішінде Ұйымдастырушыға Акцияның электрондық адресіне (2-т.) Ережелердің 5.1-т. сәйкес 3.2-т.көрсетілген Тауарларды сатып алу мерзімінде сатып алынғанын растайтын ұтыс чектерінің скандарын жіберу арқылы ұсынуға міндетті. Осы талапты орындамаған кезде Ұйымдастырушы Жеңімпазға Жұлдені беруден бас тартуға және жұлдені қосалқы жеңімпазға беруге немесе жаңа Жеңімпазды таңдауға құқылы.</p>
---	---

<p>12. Ұйымдастырушының құқықтары.</p>	<p>Ұйымдастырушының құқықтары:</p> <p>12.1. Ережелердің 8, 17-т. талаптарын орындамаған Қатысушыға Жүлделер беруден бас тарту.</p> <p>12.2. Ережелерді өзгерту немесе Акцияны болдырмау, бұл ретте Ережелердің өзгергендігі немесе Акцияның болмайтыны туралы осы Ережелердің 6-т. көрсетілген тәртіпте қатысушыларға хабарлау.</p> <p>12.3. Ұйымдастырушы Қатысушының жіберген сатыпалым туралы деректерінің жалған екеніне және 8.1 – 8.4-ші тармақтарда көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтініне күдіктенген жағдайда, Ұйымдастырушы Қатысушыдан сатыпалым фактісін растайтын қосымша ақпаратты сұратуға құқылы.</p> <p>Ұйымдастырушы өз қалауымен Акцияға қатысуды жарамсыз деп тануға, осы Ережелердің кез келген шарттары бұзылған жағдайда, сондай-ақ Қатысушының іс-әрекеттерінде алаяқтық белгілері анықталған жағдайда, Қатысушыны Акцияға қатыстырмауға құқылы.</p> <p>12.4. Ұйымдастырушы Қатысушыдан қажетті мәліметтерді алмағаны үшін, соның ішінде Акцияның өткізілу кезінде қолданылатын байланыс арналарының техникалық проблемалары үшін, https://pgbonus.kz/promos/amandana сайтына тіркелген кезде қате немесе жарамсыз байланыс деректердің көрсетілуі салдарынан Қатысушымен байланыс орнату мүмкін болмағаны үшін жауап бермейді.</p> <p>12.5. Ұйымдастырушы Қатысушының қандай да бір қатесінің салдары үшін, соның ішінде (басқаларын қоспағанда) соңғысына келтірілген шығындар үшін жауапты емес.</p> <p>12.6. Акция Ұйымдастырушысы https://pgbonus.kz/promos/amandana сайтындағы техникалық ақауларға және Акцияны өткізу аясындағы сәйкес кідірістерге, олар Акция Ұйымдастырушысының кінәсінен болмаған жағдайда, жауапкершілік тартпайды.</p>
<p>12. Ұйымдастырушының міндеттері.</p>	<p>12.1. Ұйымдастырушы осы Ережелерде анықталған тәртіпте Акцияны өткізуге міндетті.</p> <p>12.2. Акция жеңімпаздары деп танылған қатысушыларға жүлделер беру. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің 351-б. сәйкес төлем көзінен салық салынатын табыстарға Жүлделер жатады. Аталған кіріс түрі (Ұтыс) бойынша ЖТС (жеке табыс салығын) есептеу мен ұстап қалуды салық агенті – Жеңімпаздарға Жүлделерді тікелей берілуін қамтамасыз ететін Ұйымдастырушы орындайды. Қатысушылар Жүлделер түріндегі кіріске ие болады, салық агенті олар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті салық (жеке табыс салығы) төлейді.</p>

<p>13. кұқықтары Техникалық Серіктестер дің</p>	<p>13.1. 1-Техникалық серіктес электрондық пошта адресін және ұялы телефон нөмірін тексеру мақсатында Қатысушылармен байланысуға құқылы;</p> <p>13.2. 1-Техникалық серіктес электрондық пошта адресстердің немесе ұялы телефон нөмірлерінің уақытша немесе бір адамға тиесілі деп есептеуге негіз болса, Жүлделерді беруден бас тартуға/бұғаттауға/күшін жоюға құқылы</p> <p>13.3. 2-Техникалық серіктес Procter&Gamble компаниясының өнімдері туралы жарнамалық орналастыру және Procter&Gamble өнімдері туралы жарнамалық-ақпараттық материалдарды әлеуметтік желілерде және басқа да коммуникация арналарында тарату мақсатында берілген критерийлер негізінде әлеуметтік желілерді пайдаланушы адресаттар топтарын автоматты түрде қалыптастыруға құқылы.</p>
<p>14. Техникалық Серіктестердің міндеттері</p>	<p>14.1. 1-Техникалық серіктес пайдаланушыларды және солардың берген Өтінімдердің 8-т. көрсетілген шарттарға сәйкестігін тексереді</p> <p>14.2. 1-Техникалық серіктес Өтінімдер тізімін жасайды</p> <p>14.3. 2-Техникалық серіктес әлеуметтік желілерде және басқа да коммуникация арналарында Procter&Gamble компаниясының өнімдері мен акциялары туралы жарнаманы орналастырады.</p>
<p>15. Жүлдені алу тәртібі мен мерзімі.</p>	<p>15.1 Акция Ұйымдастырушысы әлеуетті жеңімпаздармен жеңімпаздар жарияланған күні Өтінімде әлеуетті жеңімпаздар көрсеткен электрондық пошта/телефон нөмірі арқылы байланысады, хатта Жүлдені ұтқаны туралы ақпаратты көрсетеді және Жүлдені қабылдау-тапсыру актісінің үлгісін жібереді.</p> <p>15.2. Ұйымдастырушы 10.1-т. айтылған тәртіпке сәйкес Акцияның әлеуетті жеңімпаздары деп танылған Акция Қатысушыларын хабардар еткен сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде әлеуетті Жеңімпаздар ұйымдастырушының поштасына келесі ақпаратты жіберуге немесе Ақтау қ., 28 ш/а, «АМАН» дүкені мекенжайы бойынша «Аман Дана» кеңсесіне келуі тиіс:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Байланыс телефон нөмірі, • Жеке куәліктің сканы/көшірмесі • Жүлде жеткізетін мекенжайд <p>15.3. Егер 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде әлеуетті жеңімпаз Ұйымдастырушының кеңсесіне келмесе және осы Ережелердің 15.2-т. көрсетілген ақпаратты ұсынбаса, осындай Қатысушы Акцияда жеңімпаз атағынан бас тартқан болып есептеледі және 7.1.1-т. көрсетілген жүлделерге үміткер болуға құқығы жоқ. Бұл жағдайда әлеуетті жеңімпаз атағы 10.1.3-т. тәртіпте тізімдегі келесі Қатысушыға өтеді.</p> <p>15.4 Ұйымдастырушының Жүлдені алу үшін қажетті ақпаратты беру жөніндегі талабын толық орындаған әлеуетті жеңімпаз жеңімпаз болып танылады және 3.5-т. белгіленген мерзімде көрсетілген мекенжай бойынша оған Жүлде алуға құқылы.</p>

15.5. Ұйымдастырушы осы Ережелердің 7.1.1-т. көзделген Жүлделерді осы Ережелердің 3.5-т. көрсетілген кезеңде Ұйымдастырушының немесе ол тартқан адамның таңдауымен Поштамен немесе курьерлік қызметпен 17.2-т. сәйкес Қатысушы көрсеткен мекенжайға жүлделерді жіберу арқылы тапсырады.

15.6. Егер жүлде курьерлік қызмет арқылы жіберілсе, Жеңімпаздың Жүлдені алған сәттегі міндеттері: - Жеңімпаздың жеке басын растайтын төлқұжатты көрсету; - 15.1-т. сәйкес алынған жүлдені Қабылдау-тапсыру актісіне қол қою және толық дұрыс толтырылған және қол қойылған Актінің түпнұсқасын курьерге беру. Жеңімпаз Актіге қол қоюдан және/немесе оны беруден бас тартқан жағдайда, Жүлде берілмейді

15.7. Егер жүлде Пошта арқылы жіберілсе, Жеңімпаздың міндеттері: - 17.1-т. сәйкес алынған жүлдені Қабылдау-тапсыру актісіне қол қою және Жүлдені Пошта бөлімшесінде алғаннан кейін оның скан-көшірмесін Ұйымдастырушының электрондық пошта адресіне жіберу (17.1-т. сәйкес). Тапсыру туралы хабарламада көрсетілген Пошта бөлімшесінде Жүлдені алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде оның тарапынан қол қойылған жүлдені Қабылдау-тапсыру актісін Жеңімпаздан электрондық пошта арқылы алмаған жағдайда, мұндай Акт Жеңімпазбен қол қойылған, ал тиісті Жүлде берілген болып есептеледі. Осы сәттен бастап Ұйымдастырушы немесе ол тартқан тұлға жүлденің сақталуына және жеткізілуіне жауап бермейді.

15.8. Жүлдені тапсыру күні оны Пошта/курьерлік қызмет өкілі Жеңімпазға берген және жүлдені Қабылдау-тапсыру актісін Жеңімпаз берген/жіберген күн болып табылады.

15.9. Ұйымдастырушы жүлдені қайтадан жібермейді.

15.10. Жүлденің ақшалай баламасын төлеуді талап етуге рұқсат етілмейді.

15.11. Жеңімпаздар Ұйымдастырушының қатысы жоқ себептермен алмаған барлық Жүлделер талап етілмеген болып саналады. Акция ережелерінде талап етілмеген Жүлделерді сақтау және оларды 3.5-т. көрсетілген Акцияны өткізу мерзімі аяқталғаннан кейін беру қарастырылмаған.

15.12. Егер Жеңімпаз Жүлдеден бас тартқан болса немесе Ұйымдастырушыға байланысты емес себептермен оның Жүлдені алу мүмкіндігі жоқ болса, Ұйымдастырушы жауапты болмайды. Бұл жағдайда Жүлде талап етілмеген болып саналады, және Ұйымдастырушы оны өз қалауымен қолдануға құқылы.

<p>16. Қосымша шарттар.</p>	<p>16.1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын ҚР-ның кәмелетке толған, әрекет етуге қабілетті азаматы Акция Қатысушысы бола алады.</p> <p>16.2. Акцияға қатысу автоматты түрде Қатысушының осы Ережелермен танысқанын және келіскенін білдіреді.</p> <p>16.3. Қатысушының толық емес, ескірген, дұрыс емес жеке деректер бергенінің салдарынан Ұйымдастырушы өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, ол жауапкершілік тартпайды.</p> <p>16.4. Акцияға Ұйымдастырушының («Аман Дана» ЖК), Тапсырыс берушінің («Проктер энд Гэмбл Қазақстан Дистрибьюшн» ЖШС) және Техникалық серіктестердің қызметкерлері (және олармен үлестес тұлғалар (олармен үлестес тұлғалардың қызметкерлері), Акцияны дайындауға және өткізуге қатысатын ұйымдардың қызметкерлері, сондай-ақ аталған барлық ұйымның отбасы мүшелері қатыстырылмайды.</p> <p>16.5. Осы Акцияны өткізу процедураларына қатысты барлық наразылықтар соңғы күнді қоса, 31.07.2024 ж. дейін ғана қарастырылады.</p>
-----------------------------	---

<p>17. Акция қатысушысының жеке деректерін өңдеу Ақция Ұйымдастырушысымен жүзеге асатын Ақция Қатысушысының жеке деректерінің тізімі, жеке деректерді өңдеу мақсаттары, осындай жеке деректермен әрекет ету тізімі, жеке деректер ашылуы немесе берілуі мүмкін тұлғалар немесе жеке деректерді трансшекаралық беру туралы мәліметтер, егер осындай трансшекаралық беру Ақция Қатысушысының жеке деректерін өңдеу жүзеге асырылатын мерзімде жүзеге асырылатын болса.</p>	<p>өзінің өңдеуге келісімі,</p> <p>17.1. Акцияға қатысу фактісі және Қатысушының жеке деректерді беру фактісі (тегі, аты, байланыс телефонының нөмірі, e-mail, төлқұжат деректері, ЖСН нөмірі, банк деректемелері) Қатысушының Ақцияны өткізу және жүлделерді беру аясында Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» № 94-V Заңында көзделген тәртіппен және соған сәйкес оның жеке деректерін Ұйымдастырушымен, Техникалық серіктестермен және Тапсырыс берушімен өңдеуге келісімін білдіреді.</p> <p>17.2. Акция Ұйымдастырушысы, Тапсырыс берушісі және Техникалық серіктестері автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып және/немесе осындай құралдарды пайдаланбай-ақ жеке деректермен келесі әрекеттерді жасай алады: жинау, жазу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), шығарып алу, пайдалану, беру (тарату, беру, қол жеткізу), иесіздендіру, бұғаттау, алып тастау, жою.</p> <p>17.3. Акция Ұйымдастырушысы, Тапсырыс берушісі және Техникалық серіктестері осы Ережелердің 16.1-т. көрсетілген мақсаттарға сәйкес жүлделерді, өнімдерді жеткізуді/ақпаратты таратуды жүзеге асыру, оларды өңдеу үшін шарттық қатынастары бар үшінші тұлғаларға Қатысушылардың деректерін беруге құқылы.</p> <p>17.4. Акцияға қатысу фактісі және Қатысушының жеке деректері бар нысанды тіркеу/жіберу фактісі (аты, мобилді телефон нөмірі, электрондық пошта адресі) Қатысушының Procter&Gamble компаниясының өнімдері туралы жарнамалық-ақпараттық материалдарды немесе Procter&Gamble компаниясының өнімдерінің жарнамалық үлгілерін Қатысушы көрсеткен электрондық\пошта мекенжайына жіберу немесе Procter&Gamble компаниясының өнімдері туралы жарнамалық-ақпараттық материалдарды Қатысушының мобилді телефон нөміріне/электрондық адресіне жіберу,</p>
--	---

(Procter&Gamble компаниясының өнімдері туралы) және Procter&Gamble өнімдері туралы және Акция аясынан тыс басқа да мақсаттарда жарнамалық-ақпараттық материалдарды жарнамалық орналастыру (Procter&Gamble компаниясының өнімдері туралы) және тарату мақсаттары үшін берілген критерийлер негізінде әлеуметтік желілерді пайдаланушы-адресаттар топтарын автоматтандырылған қалыптастыру мақсатында жеке деректерді Тапсырыс берушіге және Техникалық Серіктестерге, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беруге, соның ішінде 125040, Мәскеу қ., Бегова муниципалды округі ішкі аум. к., Ленинград даңғ., № 15 үй, 1-құрылыс, 4-қабат, VI-орынж., 17-бөлме мекенжайы бойынша тіркелген «Лайон Коммьюникейшнз» ЖШҚ

(СТН 7743068844), Ресей, 125171, Мәскеу қ., Ленинград тас жолы, 16А-үй, 2-құр. мекенжайы бойынша тіркелген «Проктер энд Гэмбл Дистрибьюторлық Компаниясы» ЖШҚ мекенжайына (СТН 7701639976), («Procter&Gamble» деп аталады), Ресей Федерациясының аумағына трансшекаралық беруге келісетінін білдіреді. Жеке деректерді өңдеуге/пайдалануға берген келісім Акция Тапсырыс берушісі/Техникалық серіктесі үшін Акцияның өткізілу мерзімдері аяқталған сәттен бастап 10 (он) жыл бойы жарамды болады.

17.5. Қатысушы Келісімін қайтарып ала алады:

17.5.1. кез келген сәтте Тапсырыс берушіге Алматы қаласы, Медеу ауд., Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 240-Г мекенжайы бойынша сұрау жіберу арқылы, сондай-ақ Тапсырыс берушіден Қатысушыға жіберілетін хаттарда көрсетілетін тиісті сілтеме бойынша өту арқылы.

Берген келісімін қайтарып алу туралы хабарлама алған жағдайда, Акция Ұйымдастырушысы мен оның уәкілеттік берген тұлғалары Қатысушының жеке деректерін өңдеуді тоқтатып, хабарлама түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жеке деректерді жояды.

Бұл ретте егер Қатысушы тиісті Акцияның өткізілу мерзімі кезеңінде берген келісімін қайтарып алса, онда ол Ұйымдастырушы Акция Қатысушысынан хабарлама алған сәттен бастап осы Акция аясында жүлделерді алу құқығынан автоматты түрде айырылады.

17.5.2. №2 Техникалық серіктестен кез келген сәтте Серіктеске БСН 220540022102, 010016, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Есіл ауданы, Түркістан көшесі 8/2 мекенжайы бойынша сұрау жіберу арқылы

17.6. Жеке деректерді қолдану тізімі: жинау, сақтау, тарату (Акция Жеңімпазының аты-жөнін жариялау үшін беру), Жұлделер Алушылардың жүлделер беруі үшін пайдалану, жеке деректерді жою (құжаттаманы сақтау мерзімі өткеннен кейін).

17.7. Қатысушының жеке деректер субъектісі ретіндегі құқықтары. Қатысушының құқықтары:

- өзінің жеке деректерінің операторлары ретінде Ұйымдастырушы /Техникалық серіктестер/ Тапсырыс беруші туралы мәліметтерді алу
- өзінің жеке деректерінің операторлары ретіндегі Ұйымдастырушыдан/Техникалық Серіктестерден/Тапсырыс берушіден өзінің жеке деректерін нақтылауды, егер жеке деректер толық емес, ескірген, дәйекті емес, заңсыз алынған немесе өңдеудің жарияланған мақсаты үшін қажет болмаған болса, оларды бұғаттауды немесе жоюды талап ету
- өз құқықтарын қорғау бойынша заңмен қарастырылған шаралар қабылдау.

	<p>- осы Шарттар мен Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы «Жеке деректер мен оларды қорғау туралы» Заңымен қарастырылған өзге құқықтар.</p> <p>17.8. Қатысушының толық емес, ескірген, дұрыс емес жеке деректер бергенінің салдарынан Ұйымдастырушы/Техникалық Серіктестер/Тапсырыс беруші жоғарыда аталған міндеттемелерін орындамаған жағдайда, олар жауапкершілік тартпайды.</p>
--	--